



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

Жалпы психология

Тоқсанбаева Н.Қ.
психо.ғ.д., профессор

Модуль 1

**Жалпы психология пәніне
жалпы сипаттамасы**

Дәріс

**Жалпы психология пәні, мақсаты
мен міндеттері**

Психология

Жалпы психология – психика дамуының жалпы заңдылықтарын, зерттеу әдістерін, теориялық принциптерін және оның ғылыми негіздерінің қалыптасу жүйесін зерттейді.

Психика жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның нақты формасының қызметін, әрекет тәсілін бейнелейді, адам психологиясы жаңғырту арқылы пайда болады.

Индивид түсінігінің бірнеше мәні бар. Алдымен, индивид - ол табиғи жалғыз тіршілік иесі адам, *Homo sapiens* түрінің өкілі.

Психологияның даму тарихы

Психология басқа ғылымдар сияқты белгілі даму жолдарынан өткен.

Әлемдік психологияның даму тарихы екі кезеңге бөлінеді:

1. Біріншіден, басқа ғылымдардың аясында психология білімінің қалыптасу кезеңі (IV-V ғ.ғ. біздің дәуірге дейінгі ХІХ-дың 60-шы ғ.ғ.).

2. Бұл шамамен 2400 жылдай уақытқа созылып, Аристотельден (348-322) басталатын философиялық ілім тарихы.

Психологияның даму тарихы

Декарт механисттік жаратылыстану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ол бір мезгілде екі тұжырымдаманы енгізді. Оның бірі – рефлекс ұғымы, екіншісі заманауи интроспективті сана ұғымы.

Дәл осылай философиялық және психологиялық мәселеге тап болған Б Спиноза. Б.Спиноза «Этики» кітабында дене мен жан-дүниені қайтадан қосуға тырасыды.



Рене Декарт

Психологияның даму тарихы

Ағылшын материализмінің негізін қалаушы Ф.Бэкон, капиталистік дәуірдің алғашқы философиясында, кейде ақылға сыйымды, бірақ осы үрдістерді айқын және айтарлықтай көрсетеді. Ағылшын материализмі психологияны дамытуға айтарлықтай әсер ететін екі негізгі қағиданы алға тартады.

Біріншісі - бұл сенсуализм қағидаты, сенсорлық тәжірибе, білімнің жалғыз көзі.

Екіншісі - атомизм қағидасы, бұл психикалық, сондай-ақ барлық табиғи құбылыстардың ғылыми білімі туралы яғни , барлық күрделі құбылыстарды элементтер мен атомдарға бөліп, оларды осы элементтерді қосудан түсіндіруге бағытталған қағида.

Психологияның даму тарихы

Мұнда бірінші кезеңде психология “жан туралы ғылым” болғандықтан ежелгі замандардан бері, біріншіден психика бейнесі “рух” пен материяның өзара байланысының жалпы проблемасын шешу барысында да қалыптасты.

“Рух” материядан тыс бола ала ма, “жан” денеден бөлек өмір сүре ала ма? Осындай және осы тектес философиялық және идеологиялық проблемаларды талдау барысында психикаға адамдардың қиялында бейнеленетін қасиеттерді басқа қасиеттерге байланысты анықтаса, екінші жағынан нақты осы қасиеті арқылы барша табиғатты мифологиялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндіктер ашады.

Психологияның даму тарихы

Психология психикалық құбылыстардың дамузаңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Грек тілінен аударғанда «психо» - жан, «логос»- ілім. Психология философияның шеңберінде дамыған.

Аристотель адамда 3 жан бар деп айтып кеткен.

1- адам жаны, яғни сананы басқарады.

2- жануар жаны, яғни қозғалысты басқарады.

3- өсімдік жаны, бұл филологиялық тұрғыда өсу.

Психологияның даму тарихы

Екінші кезеңде психологияның зерттеу объектісі – сана деп қарастырылып мұнда ұзақ уақыт интроспекция әдістемесі негізгі ғана емес жалғыз психологиялық әдіс болды. Ол екі негізгі бағытпен тұжырымдалады; біріншіден, сана процесі сыртқы бақылау үшін “жабық”, ал екіншіден сана процесі субъектінің өзінде ашылады. Бұл тұжырымдардан сана процесі басқаға түсініксіз нақты адамның өзінде ғана оқылады.

Осы интроспекция әдісінің негізін қалаған Дж. Локк. Психология ғылымының дамуы үшін интроспективті психология айтарлықтай мәнді әсер қалдыра отырып, мынандай теориялар қатарын ұсынды;

Психологияның даму тарихы

Үшінші кезеңде – психологияның зерттеу объектісі мінез-құлық деп қарастырылып, сонымен бірге американ психологы Джон Уотсон (1878-1958) негізін салған бихевиоризім бағыты еді. Олар “психология бихевиористің” көзқарасы тұрғысында деген еңбегінде ескі психология тіліндегі сана, ерік, эмоция, қабылдау, бейнелеу, т.с.с. терминдерден бас тарту дұрыс деп есептеді. Оның орнына “бихевиор” –ағылшын сөзі, қазақша “мінез –құлық” деген мағынаны білдіреді. Бихевиористер психиканы мінез-құлықтың әр түрлі көріністері, организмнің сыртқы әсерге (S) стимул қайраттан жауап (R) реакцияларының жиынтығы деп түсіндіреді.

Психологияның даму тарихы

Төртінші кезеңде – психикалық құбылыстардың механизмдері мен заңдылықтарын зерттелінеді.

Қазіргі психология ғылымының негізін қалаған атақты ғалымдар С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Р.Лурия зерттеулері айрықша айтылса және ХХ ғ-дың 30-60-шы жылдардағы психологтар Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин; А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин т.б. еңбектерімен байланысты қаралады.

Психикалық құбылыс

Психикалық процесс дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері. Процесске: түйсік, қабылдау, ойлау, ес, ерік, зейін, қиял, сезім мен эмоция жатады.

Психикалық қасиет дегеніміз - бір адамнан екінші адамды ажыратуға негіз болатын ең тұрлаулы, ең маңызды ерекшеліктер. Қасиетке: темперамент, мінез, қабілет жатады.

Психикалық күй дегеніміз - адамның түрлі көңіл күйлерінің тұрақты компоненті. Оған жылау, күлу, шаршау, наздану т.б. жатады.

Дәрісте пайдаланылған әдебиеттер:

- Маклаков А.Г. Общая психология: Учебник для вузов / А.Г. Маклаков. – СПб.: Питер, 2013. – 583с.
- Иванников, В.А. Общая психология. Учебник / В.А. Иванников. – М.: Юрайт, 2016. – 482с.